



**2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 наурыздағы № 93 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 4938 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 қарашадағы № 506 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 03.11.2017 № 506 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағы, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері осы қаулының қосымшасына сай бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Сабырбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы

Қ. Мауадинов

Тарбағатай ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы "15" наурыз  
№ 93 қаулысына  
қосымша

**2017 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырмасын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері**

Бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына қаржыландыру мөлшері ең жоғарғы шекті көлемі, теңге		Тәрбиеленушілер саны	Бір айда ата-аналар төлемінің мөлшері ең жоғарғы шекті көлемі, теңге
Балабақшалар, бөбекжайлар	Шағын орталықтар		
40000	24000	2135	11000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК